

## Аягөз аудандық мәслихатының 2018 жылғы 9 ақпандағы № 19/138-VI "Аягөз ауданындағы тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмүге арналған тарифтерді бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 маусымдағы № 39/262-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 шілдеде № 6072 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Аягөз аудандық мәслихатының 16.01.2023 №21/428-VII шешімімен.

**Күші жойылды - Абай облысы Аягөз аудандық мәслихатының 16.01.2023 № 21/428-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**ЗКАИ-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1- бабының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өндөуге және көмүге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14285 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Аягөз аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аягөз аудандық мәслихатының 2018 жылғы 9 ақпандағы № 19/138-VI "Аягөз ауданындағы тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмүге арналған тарифтерді бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5490 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2018 жылдың 27 ақпанында, "Аягөз жаңалықтары" газетінің 2018 жылдың 3 наурызында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Аягөз ауданының Аягөз қаласындағы және Ақтогай кентіндегі тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы";

кіріспе келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1- бабының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өндеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14285 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Аягөз аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**";

аталған шешіммен бекітілген 1 және 2 қосымшалары осы шешімнің 1 және 2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Аягөз аудандық мәслихатының 2019 жылғы 24 қаңтардағы №34/230-VI "Аягөз ауданындағы тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" Аягөз аудандық мәслихатының 2018 жылғы 9 ақпандағы № 19/138-VI шешімнің қолданылуын тоқтата тұру туралы" шешімнің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-6-194 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2019 жылдың 13 ақпанында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы,

Аягөз аудандық

мәслихат хатшысы

С. Исаков

Аягөз аудандық мәслихатының

2019 жылғы 27 маусымдағы

39/262-VI шешіміне 1 қосымша

**Аягөз ауданының Аягөз қаласындағы тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер**

№	Атауы	Есептік бірлік	Қызметтердің құны, тенге (КҚС-сыз)
1.	Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға және әкетуге арналған тариф		

1.1	Жайлыштық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер	1 түрғын / айна	93,32
1.2	Жайлыштық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер	1 түрғын / айна	99,5
1.3	Занды тұлғалар және жеке кәсіпкерлік субъектілері	1 м <sup>3</sup>	746,54
2	Тұрмыстық қатты қалдықтарды көмуге арналған тариф		
2.1	Жеке тұлғалар үшін	1 м <sup>3</sup>	478,02
2.2	Занды тұлғалар және жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін	1 м <sup>3</sup>	551,13

Аббревиатураның ажыратып жазылуы:

м<sup>3</sup> - текше метр;

ҚҚС - қосылған құн салығы.

Аягөз аудандық мәслихатының  
2019 жылғы 27 маусымдағы  
39/262-VI шешіміне 2 қосымша

### **Аягөз ауданының Ақтогай кентіндегі тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер**

№	Атауы	Есептік бірлік	Қызметтердің құны, теңге (ҚҚС-сыз)
1.	Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға және әкетуге арналған тариф		
1.1	Жайлыштық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер	1 түрғын / айна	194
1.2	Жайлыштық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер	1 түрғын / айна	208
1.3	Занды тұлғалар және жеке кәсіпкерлік субъектілері	1 м <sup>3</sup>	1561,3
2	Тұрмыстық қатты қалдықтарды көмуге арналған тариф		
2.1	Жеке тұлғалар үшін	1 м <sup>3</sup>	1224,3
2.2	Занды тұлғалар және жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін	1 м <sup>3</sup>	1297,4

Аббревиатураның ажыратып жазылуы:

м<sup>3</sup> - текше метр;

ҚҚС - қосылған құн салығы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК